

**Қасым әлі өлген жоқ**

Толқынларын тербеткенде көлдер көк,  
Ғасыр жасап сағаттар мен күндер көп.  
Онв іздеді армандардың арманы,  
Жерге тәнін тапсырғанмен,  
Ал, жаны –  
Биіте тұр, Қасым әлі өлген жоқ.

Ол өлген жоқ, рухы аппақ болып нұр,  
Өлең болып қан-тамыры соғып тұр.  
Өлді деуге болмайды оны, ол тірі,  
Ән тыңдасаң жүрегіңін солқылы  
Естіледі  
Кеуде тұсы соғып тұр.

Дала – даусы, даладағы жыр – үні,  
Қазақтың тұр биігінде бір ұлы.  
Қара өлең-болмысы, нар тұлғасы,  
Жырласа ел нар тұлғаны жырласын,  
Қасым тірі,  
Мәңгі оның ғұмыры!

**Мама**

Ауылға ауып аңсарым,  
Өзімді іштей жаншамын.  
Білсең ғой мына қаладан,  
Шаршадым,мама, шаршадым.

Тағы да көңіл ызалы,  
Шаттықты мұң кеп бұзады.  
Келген еді ғой гүл көктем ,  
Жүрегім бірақ мұз әлі.

Ішіме толып нала, мұң,  
Өтірік күлді жанарым.  
Құлдырап санам, соңғы кез  
Өсем деп өшіп барамын.

Қиялдау, ойлау — ермегім,  
Осы ма ед іздеп келгенім?  
Сипамай бастан жақыным,  
Аяқтан алды сенгенім.

Жақынмын дейді, жат бәрі,  
Санам да тыныш таппады.  
Түсіме күнде енеді,  
Ауылдың гүлді бақтары.

Түсірдім білем шағым мың,

Келмейді көпке жағынғым.  
Әкемнің ыстық құшағын,  
Әніңді сенің сағындым.

Өмірім сол бір қалып тек,  
Күн кешіп жүрмін ғаріп боп.  
Өтінем, мама, қаладан,  
Ауылға мені алып кет...

### **Күзгі мұң**

Мезгіл өтті,  
Мезгіл келді рас мұнда,  
Біле алмадым,  
Тамшыларға маспын ба?  
Екі ғашық келе жатыр, әнекей,  
Қолшатырдың астында.

Албырт сезім  
Мені жолдан тыйып тұр,  
Сүйгендерге талдар басын иіп тұр.  
Мен келемін жапырақты қолға алып,  
Жаңбыр қатты құйып тұр.

Оң жағымда  
Қараша үй тірлігі,  
Сол жағымда  
Көліктердің «гүр-гүрі».  
Терең ойды тағы бөліп жіберді,  
Сокқан желдің сыбдыры.

Тоңып денем,  
Қалам тағы жазды өлең,  
Жаным сырлас болды әуен,  
Сазбенен.  
Түсініксіз,  
Гүлдер қайда кешегі,  
Қоштастым ба жазбенен?

Болса-дағы  
Ішімде бір әттеңім,  
Өкінішті өз-өзіме жат дедім.  
Әрі қарай асығайын ақ қарға,  
Қош бол,  
Мұңды сәттерім!